АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

КГКП «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасы» қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша

Өскемен қаласы 2026 жылғы «27» қазан

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК директорының 2025 жылғы 25 қыркүйектегі № 89 бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) сәйкес Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – СЖТІТ) жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі (бұдан әрі – Талдау) – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК қызметі болып табылады.

СЖТІТ мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Объектінің қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. Объектінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі – 2025 жылғы 2 қарашадан 2026 жылғы 1 қазанға дейін.

Қойылған мақсатты іске асыру үшін КМҚК 6 міндетті орындайды және заңнамада белгіленген тәртіппен 12 функцияны жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымның қызметі Өскемен қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 10 тамыздағы № 483 қаулысына және «Өскемен қаласының қаржы бөлімі» ММ-нің

2024 жылғы 11 қарашадағы № 493 (к) бұйрығымен бекітілген Жарғыға сәйкес жүзеге асырылады.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК директоры Михеева Ольга Валерьевна Өскемен қаласының білім бөлімі ММ-нің 2023 жылғы 18 қазандағы № 426 ж/қ бұйрығымен осы лауазымға тағайындалған.

Талдау жүргізудің мақсаты мен міндеттері

Талдаудың мақсаты – Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және оның алдын алу.

Талдаудың міндеті – КМҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою.

Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15-тармағына сәйкес ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері болып мыналар табылады:

1) талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттар;

2) талдау объектісінің қызметі туралы ведомстволық статистикалық есептілік;

3) талдау объектісінің қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелеріндегі деректер;

4) мемлекеттік органдардың талдау объектісіне қатысты бұрын жүргізген тексерулерінің нәтижелері;

5) ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;

7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;

8) талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

9) талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін анықталуы және жауаптылыққа тартылуы туралы мәліметтер;

10) бұрын жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері;

11) талдау объектісінің қызметшілері мен қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама (сұхбат) нәтижелері;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында ұсынуға тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

1.1. Негізгі функцияларды іске асыру

Нормативтік-құқықтық база:

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, қолданыстағы өзгерістерді ескере отырып.

3. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

4. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі.

5. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың қолданыстағы қағидалары.

6. Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы.

7. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі және ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілер.

8. «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК Жарғысы.

9. Ұжымдық шарт, ішкі еңбек тәртібі қағидалары, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттар және ұйымның өзге де жергілікті актілері.

Ішкі құжаттардағы (бұдан әрі – ІҚ) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жұмыс тобы мынадай құжаттарды зерделеді: Ұжымдық шарт, Жарғы, Ішкі тәртіп қағидалары, лауазымдық нұсқаулықтар, өндірістік мәселелер бойынша бұйрықтар, жеке құрам бойынша бұйрықтар, еңбек кітапшалары.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК Жарғысына мектепалды даярлық топтарын (МДТ) ашуға байланысты өзгерістер енгізу рәсімі жүргізіліп жатқаны анықталды.

Енгізілетін өзгерістер мектепке дейінгі ұйымның құрылтай құжаттарын оның нақты қызмет бағыттарына және білім беру процесін ұйымдастырудың белгіленген тәртібіне сәйкестендіруге бағытталған.

Талдау жүргізілген кезде Жарғыға өзгерістер енгізу рәсімі аяқталмаған. Осыған байланысты өзгерістерді келісу мен бекітудің белгіленген тәртібінің сақталуын, қабылданатын шешімдердің құжаттамалық ресімделуін және құрылтай құжаттарының уақтылы жаңартылуын қамтамасыз ету қажет.

Талдау нәтижелері бойынша Жарғыға өзгерістер енгізу процесінің өзі сыбайлас жемқорлық факторы ретінде қарастырылмайды. Сонымен қатар рәсім аяқталғанға дейін қабылданатын басқарушылық шешімдердің қолданыстағы нормативтік

құқықтық актілерге, бекітілген Жарғыға және уәкілетті органдардың құзыретіне сәйкестігін қамтамасыз ету ұсынылады.

Ұсыным: Жарғыға өзгерістер енгізу рәсімін белгіленген тәртіппен аяқтау, қажетті келісулер мен бекітулердің болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ өзгерістер күшіне енгеннен кейін мүдделі қызметкерлерді құжаттың жаңартылған ережелерімен таныстыру.

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Мемлекеттік қызметтер көрсету

Қазіргі уақытта КМҚК мынадай мемлекеттік қызметті көрсетеді:

– Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау.

Талданатын кезеңде ведомстволық https://balabaqsha.snation.kz.ru порталы арқылы 113 мемлекеттік қызмет көрсетілді. «Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету кезінде 02.11.2025–01.11.2026 аралығында мерзімін өткізіп алу фактілері болған жоқ.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызмет бойынша көрсеткіштер:

2025–2026 жылдар: қараша – 2; желтоқсан – 3; қаңтар – 3; ақпан – 2; наурыз – 4; сәуір – 3; мамыр – 0; маусым – 5; шілде – 0; тамыз – 80; қыркүйек – 8; қазан – 3. Барлығы – 113 бала.

«Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазым атқаратын педагогтерді, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2016 жылғы 29 ақпанда № 13317 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 25 ақпандағы № 32 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып), зерделенген кезеңде 6 педагогке мемлекеттік қызмет көрсетілді (1 – педагог-модератор, 1 – педагог-сарапшы, 3 – педагог-зерттеуші, 1 – бірінші санатты басшы). Аталған қызмет «Ұстаз» электрондық платформасы арқылы (2 педагог) және «Egov» арқылы (4 педагог) көрсетілді. Құжаттарды қабылдау мен жүктеуді бұйрықпен жауапты

болып тағайындалған әдіскер Кутовая Ю. В. жүзеге асырды. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері педагогтердің жеке кабинеттеріне орналастырылды.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша бұзушылықтар жоқ. Қызмет алушылар тарапынан мектепке дейінгі ұйым қызметкерлеріне қызмет көрсету сапасы мен мерзімдері бойынша шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету регламенттері стандартқа және қызмет көрсетушілердің нақты жұмыс процесіне әйкес келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қосымша құжаттарды талап ету фактілері анықталған жоқ. Қызмет көрсетушінің кеңсесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде тікелей байланыс орын алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша шағымдар жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталған жоқ.

2.2. Кадр саясаты

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша балабақшаның штат саны 91 бірлікті, нақты саны 66 адамды құрайды. Бала күтімі бойынша демалыста 2 қызметкер бар.

Бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ. Теріс себептер бойынша жұмыстан босату, лауазымын төмендету және ротация фактілері анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін бұзу фактілері анықталған жоқ.

2026 жылғы қазан айында ұйымда 66 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде педагогтер – 36, персонал – 30.

Бос лауазымдар:

– логопед – 0,25 мөлшерлеме;

– бейнелеу өнері педагогі – 0,25 мөлшерлеме;

– тәрбиешінің көмекшісі – 3,75 мөлшерлеме;

– ғимаратқа қызмет көрсету жөніндегі жұмысшы – 0,75 мөлшерлеме;

– медицина қызметкері – 1,0 мөлшерлеме;

– әдіскер – 0,5 мөлшерлеме;

– қызметтік үй-жайларды жинаушы – 1,25 мөлшерлеме;

– хореограф – 1,5 мөлшерлеме;

– педагог-ассистент – 2 мөлшерлеме.

Барлық бос жұмыс орындары Enbek.kz электрондық еңбек биржасында орналастырылған.

Есепті кезеңде қызметкерлердің жалпы санынан жұмысқа қабылданғаны – 26 адам; жұмыстан босатылғаны – 25 адам, оның ішінде: қызметкердің бастамасы бойынша – 23 адам; зейнеткерлікке шығуына байланысты – 2 адам.

КМҚК педагогтерінің барлығы тиісті педагогикалық білімге ие:

9 – мектепке дейінгі орта арнаулы білім;

2 – орта арнаулы педагогикалық білім;

13 – жоғары мектепке дейінгі білім;

10 – жоғары педагогикалық білім;

2 – кәсіби қайта даярлау.

Үш жылға арналған біліктілікті арттырудың перспективалық жоспары және бес жылдық мерзімге аттестаттаудан өту кестесі жасалып, іске асырылуда.

Есепті кезеңде педагог қызметкерлердің бос лауазымдарын иеленуге 13 конкурс жарияланды.

Конкурстардың нәтижелері бойынша:

• 4 конкурс өткізілді, олардың нәтижелері бойынша кандидаттар жұмысқа қабылданды;

• кандидаттардың болмауына байланысты 7 конкурс өткізілмеді;

• кандидаттардың біліктілік құжаттары белгіленген талаптарға сәйкес келмеуіне байланысты 2 конкурс өткізілмеді.

Қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық-анықтамалық есептері арқылы алынған соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

– Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу және мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

– Кадрлық құжаттаманы талдау қызметкерлердің біліктілігі мен білімінің жалпы алғанда атқаратын лауазымдарына сәйкес келетінін көрсетті.

Негіздеме:

Тәуекелдерді жою және олардың алдын алу жөніндегі ұсынымдар:

1. Кадрлық процестердің ашықтығы мен бақылауын арттыру мақсатында hr.enbek.kz және hr.nobd.edu.kz электрондық кадрлық құжат айналымын енгізуді жалғастыру.

2. Шетелдік дипломдар мен куәліктерді қоса алғанда, білім және біліктілік туралы құжаттардың заңдылығын тексеруді күшейту.

3. Педагог қызметкерлердің аттестаттаудан және біліктілікті арттырудан өту мерзімдерінің сақталуына ішкі бақылауды күшейту.

4. Педагог қызметкерлер арасында шетелдік білім туралы құжаттарды тану (нострификациялау, біліктілікті растау) мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

5. Қызметкерлердің жеке істерін (оның ішінде соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар мен білім туралы құжаттарды) уақтылы жаңартуды қамтамасыз ету.

6. Персонал арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді, әдеп нормалары мен қызметтік мінез-құлық қағидаларын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

2.3. Тәртіптік практика

2025 жылғы 4 қарашадан 2026 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде қызметкерлер тәртіптік жауаптылыққа тартылған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жағымсыз ақпарат жарияланған жоқ.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидаларын) бір қызметкер бұзған. Бұған әдеп қағидаттарын тиісінше орындамау себеп болған.

Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаған.

Еңбек тәртібін бұзу фактілері болған жоқ.

2.4. Персоналды басқару және мүдделер қақтығысының алдын алу

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында мектепке дейінгі ұйымда мекеме басшысының қызы педагог-дефектолог лауазымында жұмыс істейтіні анықталды.

Осы мән-жайды қарау кезінде қызметкерді жұмысқа қабылдау конкурстық рәсім арқылы жүзеге асырылғаны анықталды. Қолда бар мәліметтерге сәйкес, педагог-дефектолог әдіскерге және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚҚ) төрағасына тікелей бағынады.

Жағдайды объективті бағалау мақсатында қызметкерді жұмысқа қабылдау мән-жайлары, конкурстық рәсімді өткізу тәртібі, лауазымдық өкілеттіктерді бөлу, сондай-ақ басшының қызының мекеме басшысына тікелей бағыныстылығының бар-жоғы қаралды.

Басшының жақын туысын жұмысқа қабылдау фактісінің өзі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың бар екенін білдірмейді. Сонымен бірге бұл жағдай кадрлық рәсімдердің ашықтығы, басқарушылық шешімдер қабылдаудың объективтілігі және мүдделер қақтығысының алдын алу қағидаттарын сақтауды талап етеді.

Ұсынымдар: конкурстық рәсімнің сақталғанын құжаттамалық растауды қамтамасыз ету, лауазымдық нұсқаулықтар мен өкілеттіктердің нақты бөлінуін

тексеру, еңбекақы төлеу, сыйлықақы беру, қызметті бағалау және өзге де кадрлық мәселелерді шешу кезінде негізсіз артықшылықтар беру мүмкіндігін болдырмау, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүдделер қақтығысының алдын алу және оны реттеу жөнінде шаралар қабылдау.

Қорытынды: ұсынылған мәліметтер бойынша педагог-дефектологтың мекеме басшысына тікелей бағыныстылығы жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарының сақталуына түпкілікті баға басшының құқықтық мәртебесін, лауазымдық өкілеттіктерінің мазмұнын және еңбек қатынастарын реттейтін құжаттарды ескере отырып беріледі. Туыстық қатынастың болуы және бір ұйымда жұмыс істеу фактісі өздігінен құқық бұзушылықты тануға жеткілікті негіз болып табылмайды.

Мүдделер қақтығысы: КМҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталған жоқ.

2.5. Қаржы-шаруашылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Кәсіпорынның тексерілетін кезеңдегі қаржылық қызметіне талдау жүргізілді. Кәсіпорында Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларында көзделген құжаттама жүргізіледі.

Кәсіпорынды қаржыландыру мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес жергілікті және республикалық бюджеттерден жүзеге асырылады.

Бюджет қаражатының жұмсалу ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алу рәсімдері заңнамаға сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітіліп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу электрондық порталында жарияланған. Осыған байланысты барлық мемлекеттік сатып алу бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүргізіледі. Тексерілетін кезеңдегі талдау нәтижесінде мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім берушілердің, басшының жақын туыстарының, жұбайларының немесе туыстарының қатысу фактілері анықталған жоқ.

Сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде үлестестіктің (аффилиирленудің) фактілері анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу қаражатты тиімді және оңтайлы жұмсау, мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы қағидаттары бойынша жүзеге асырылады. Мүдделер қақтығысын реттеу мәселелерін талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. 2025 жылғы 2

қарашадан 2026 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде мемлекеттік сатып алу порталында: электрондық дүкен арқылы – 10, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен – 24, өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен – 6, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен – 11 сатып алу жүргізілді.

Барлығы 51 шарт орындалды. Бос орындар есебінен үнемделген қаражат – 7 215 180 теңге. 438 851 теңгеге 2 мұздатқыш камера, 755 033 теңгеге 3 кір жуғыш машина, 1 820 000 теңгеге 2 интерактивті панель сатып алынды; 1 409 280 теңгеге жылыту жүйесіне жөндеу жүргізілді; 640 000 теңгеге стендтер дайындау жұмыстары орындалды; 2 152 016 теңгеге пластик терезелер сатып алынды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: анықталған жоқ.

2.6. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы

Жұмыс тобы мынадай құжаттарды қарады: қызметкерлердің жеке істері, еңбек кітапшаларын есепке алу журналы, есепті кезеңдегі бұйрықтар (демалыстар бойынша, жеке құрам бойынша, негізгі қызмет бойынша), сондай-ақ шарттардың көшірмелері және өзге де құжаттар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

– Есепті кезеңдегі бұйрықтарды тексеру барысында қызметкерлердің бұйрықтардың мазмұнымен танысқанын растайтын қолтаңбалары жоқ жағдайлар анықталды. Бұл бұзушылық басқарушылық шешімдерді құжаттамалық ресімдеудің толық болмау тәуекелін туындатады.

Негіздеме: бұйрықтардағы қызметкерлердің қолтаңбалары олардың құжаттардың мазмұнымен танысқанын растайды және еңбек заңнамасының талаптарына сәйкес кадрлық құжат айналымының міндетті элементі болып табылады.

Жою жөніндегі ұсынымдар:

– Барлық бұйрықтарға қызметкерлердің қол қоюын ұйымдастыру.

– Жауапты тұлғаларға кадрлық құжаттарды ресімдеу және ішкі құжат айналымын жүргізу талаптарын сақтау бойынша қосымша нұсқама өткізу.

2.7. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

Талданатын кезеңде, 02.11.2025–01.10.2026 аралығында E-Otinish порталы арқылы 19 өтініш тіркелді, оның ішінде: қайталама өтініштер – 3; арыздар – 8; ұсыныстар – 8.

Барлық келіп түскен өтініштер қаралып, заңнамада белгіленген мерзімдерде орындалды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: өтініштерді қарау тәртібін талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Негіздеме: азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау рәсімі жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, тіркеу және қарау тәртібін реттейтін

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Өтініштерді уақтылы және толық қарау азаматтардың сенімін нығайтуға ықпал етеді және сыбайлас жемқорлық факторларының туындау ықтималдығын төмендетеді.

Тәуекелдерді жою және олардың алдын алу жөніндегі ұсынымдар:

1. Азаматтар мен ұйымдардың өтініштерін қарау мерзімдері мен тәртібінің қатаң сақталуын қамтамасыз етуді жалғастыру.

2. Өтініш берушілерге жауаптарды дайындау сапасына, формалды жауаптарға жол бермеуге ішкі бақылауды күшейту.

3. Ықтимал жүйелі проблемаларды анықтау және олардың алдын алу үшін өтініштерге тұрақты мониторинг жүргізу.

2.8. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

КМҚК қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында ұйымның http://raduga-7.kz/ru ресми сайтында және Instagram әлеуметтік желісіндегі detskiy_sad_raduga парақшасында өзекті ақпарат тұрақты түрде орналастырылады. Мекеменің қызметі туралы мәліметтер, хабарландырулар, жаңалықтар, ата-аналарға арналған ақпарат және есептік материалдар жарияланады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері: ақпараттың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Негіздеме: мектепке дейінгі ұйым қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі ата-аналар мен қоғам тарапынан сенімді қамтамасыз етеді, ақпаратты жасыруға немесе бұрмалауға байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерінің ықтималдығын төмендетеді.

Тәуекелдерді жою және олардың алдын алу жөніндегі ұсынымдар:

1. Ұйымның ресми интернет-ресурстарындағы ақпаратты тұрақты жаңарту тәжірибесін жалғастыру.

2. Жарияланатын мәліметтердің тізбесін кеңейту, оның ішінде қызмет туралы есептерді, аттестаттау нәтижелерін және бос жұмыс орындары туралы ақпаратты жариялау.

3. Ашықтық пен сенім деңгейін арттыру үшін сайт және әлеуметтік желілер арқылы азаматтармен кері байланысты қолдау.

4. Интернет желісінде ақпаратты уақтылы орналастыруға және жаңартуға жауапты қызметкерді тағайындау.

2.9. Бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру

КМҚК «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасы» бақылау және рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.10. Сот практикасын талдау

Сот талап-арыздары тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.11. Қадағалау органдары тексерулерінің нәтижелері туралы мәліметтер

Талданатын кезеңде КМҚК-да қадағалау органдары тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.12. Фискалдық органдар тексерулерінің нәтижелері туралы мәліметтер

Талданатын кезеңде фискалдық органдар тарапынан тексерулер жүргізілген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.13. Құқық қорғау органдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және азаматтардың мәліметтері

Талданатын кезеңде құқық қорғау органдарымен және үкіметтік емес ұйымдармен тексерулер мен өзге де өзара іс-қимылдар болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

2.14. БАҚ және өзге де ақпарат көздеріне мониторинг жүргізу

Талданатын кезеңдегі БАҚ мониторингі КМҚК «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасының» қызметі туралы дәйексіз және жағымсыз ақпарат тіркелмегенін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша жұмыс тобы мынадай ұсынымдар берді:

1. КМҚК «№ 7 «Радуга» бөбекжай-балабақшасының» азаматтық қызметшілері мен қызметкерлері мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, Педагогикалық әдеп қағидаларын, № 7 бөбекжай-балабақшаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартын сақтап, лауазымдық міндеттерін тиісінше орындасын.

2. Мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты тұлғалар мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде заңнама талаптарын және мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерін сақтасын.

3. Кадр жұмысына жауапты тұлғалар қызметкерлерді жұмысқа тікелей қатысты жұмыс беруші актілерімен уақтылы таныстырсын. Қызметкерлермен еңбек шарттарын уақтылы жасасын.

4. Мемлекеттік сатып алуға жауапты тұлғалар Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарын сақтасын.

5. Халық арасында бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізсін.

Жұмыс тобының мүшелері:

Жетенова Г.А.

Кательникова Т.В.

Дузбаева З.С.

Касенова К.А.

Дюсембина С.О.

Перевозчикова Е.В.

Хатшы:

Директор: **Михеева О.В.**